

**"ҚАРАҒАНДЫКӨМІР" ӨНДІРІСТІК БІРЛЕСТІГІНІҢ "  
АРНАЙЫШАХТАМОНТАЖДАУГАЗСЫЗДАНДЫРУ" БАСҚАРМАСЫ МЕН "  
ҚАРАҒАНДЫШАХТАҚҰРЫЛЫСЫ" КОМБИНАТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ  
ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА ОСЫ ЖҰМЫСТАРДА КЕМІНДЕ 20 ЖЫЛ  
ІСТЕГЕНДЕ ЖАСЫНА ҚАРАМАСТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ АЛУҒА ҚҰҚЫҚ  
БЕРЕТІН ЖҰМЫСТАР МЕН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ТІЗІМІН БЕКІТУ  
ТУРАЛЫ**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 2  
ақпан 1994 ж. N 126. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27  
шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің "  
Арнайышахтамонтаждаугазсыздандыру" басқармасы мен "  
Қарағандышахтақұрылысы" комбинаты жұмысшыларының жекелеген  
санаттарына осы жұмыстарда кемінде 20 жыл істегенде жасына қарамастан  
зейнетақы алуға құқық беретін жұмыстар мен мамандықтардың қоса берілген  
тізімі бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 2 ақпандағы  
N 126 қаулысымен

Бекітілген

"Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің  
"Арнайышахтамонтаждаугазсыздандыру" басқармасы мен  
"Қарағандышахтақұрылысы" комбинаты жұмысшыларының жекелеген  
санаттарына осы жұмыстарда кемінде 20 жыл істегенде жасына  
қарамастан зейнетақы алуға құқық беретін жұмыстар мен  
м а м а н д ы қ т а р д ы ң

Тізімі

"Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің  
"Арнайышахтамонтаждаугазсыздандыру" басқармасы бойынша

"Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің  
"Арнайышахтамонтаждаугазсыздандыру" басқармасы бұрғылау  
қондырғыларының жерасты машинистері.

"Қарағандышахтақұрылысы" комбинаты бойынша

1. Кешенді бригадалар құрамында көмір шахталарының күрделі кен және дайындау забойларында жабдықтарды монтаждау мен бөлшектеуде тұрақты жұмыс істейтін жерасты электрослесарьлары, жерасты тау-кен монтажшылары.

2. Мамандандырылған бригадалардың құрамында көмір шахталарының күрделі кен және дайындау забойларында жабдықтарды монтаждау мен бөлшектеуде тұрақты жұмыс істейтін жерасты тау-кен монтажшылары.

3. Проходкалаушының тарифтік-біліктілік сипаттамаларында көрсетілген жұмыстарды орындайтын кешенді бригадалардың құрамында күрделі кен және жерасты забойларында тұрақты жұмыс істейтін жерасты электрослесарьлары, жерасты тау-кен жұмысшылары.